

«БЕКІТЕМІН»

«28» жауыз 2024 ж.

«Ауыл» партиясы»

Орталық аппаратының басшысы

  
К.К.Сейтжанов

## «Ауыл нақыштары» фотобайқауының ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1.1 «Ауыл нақыштары» фотобайқауы (бұдан әрі – Байқау) фотосуреттер арқылы ауыл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, туған табиғатты қорғау мақсатында өткізіледі.

1.2 Фотобайқау ұйымдастырушысы – «Ауыл» партиясы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

1.3 Фотобайқауға кез келген жастағы кәсіби фотографтар мен әуесқойлар қатыса алады.

1.4 Байқауға Қазақстан Республикасының және де басқа елдердің фотосуретшілері қатыса алады.

1.5 Әр қатысушының 5 (бес) фотосуретке дейін ұсыну мүмкіндігі бар.

### 2. Фотобайқаудың тақырыбы

2.1 Байқаудың тақырыбы – ауыл өмірінің сан түрлі айшықтары. Қатысушылар төмендегі тақырыптарды қамтитын фотосуреттерді ұсына алады:

- Қазақстанның табиғаты мен туған өлкенің әдемі көріністері, ауыл романтикасы;

- ел тарихы, көшпенділер мәдениеті және т.б.;

- ауыл еңбеккерлерінің тынымсыз тірлігі;

- ауыл балаларының бақытты сәттері;

- ауыл шаруашылығы саласындағы нақандық жұмыстардан көріністер;

- ауыл мәдениеті мен спорты;

- ауылдардағы әлеуметтік мәселелер;

- жаңарған ауылдардың заманауи бейнесі.

### **3.Фотобайқаудың жанрлары**

3.1 Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. **Ауыл пейзаждары** - ауылдық жерлердегі табиғаттың ерекшелігін бейнелейтін фотосуреттер;

2. **«Ауылдағы еңбек адамдарының фотопортреттері»;**

3. **Фоторепортаждар** – ел жаңалықтары, мәдени және әлеуметтік мәні бар көріністер мен табиғи құбылыстар туралы фотосуреттер;

4. **«Ауылдағы бақытты балалық шақ»** тақырыбындағы фотосуреттер.

### **4.Фотобайқау жеңімпаздарын таңдау критерийлері**

4.1 Жұмыстар келесі критерийлер бойынша бағаланады:

**1.Тақырыпқа сәйкестігі:**

Жұмыс конкурстың белгіленген тақырыбына сәйкес болуы тиісті.

## **2. Техникалық дизайн:**

Фотосурет сапасы: композиция, жарық қою, бояу қанықтылығы.

## **3. Түпнұсқалық:**

Тақырыпқа деген көзқарас пен идеяның бірегейлігі.

## **4. Эмоциялық әсер:**

Фотосуретте сезім және эмоцияларды көрсете білу.

## **5. Шығармашылық:**

Стандартты емес шешімдер, тың әдістерді қолдану.

## **6. Әлеуметтік маңызы:**

Әлеуметтік, қоғамдық және экологиялық мәселелерді айшықтайтын фотосуреттер.

## **5. Фотосуреттерді қабылдау және нәтижелерді шығару мерзімдері**

5.1 Фотосуреттер **2024 жылдың 29 қарашасынан 2025 жылдың 15 қазанына** дейін қабылданады.

5.2 Қатысушылар фотосуреттерін **auyl.kz** сайтына, «**Ауыл нақыштары**» айдарына жүктейді.

5.3 Байқаудың қорытындысы **2025 жылдың 01 қарашасына** дейін шығарылады.

## 6. Қатысушылардың жауапкершілігі және құқықтары

6.1 Қатысушы байқауға қатысу үшін фотосуреттер ұсына отырып, туындының авторы екендігін және басқа адамның авторлық құқығын бұзбағанын, сонымен қатар фотосуреттердің басқа байқауларға қатыспағанына кепілдік береді.

6.2 Фотобайқауға қатысушылар авторлық және аралас құқықтардың сақталу жауапкершілігін өз мойнына алады. Қатысушы фотосуреттерге байланысты үшінші тұлғалардың қандай да бір талаптары туындаған жағдайда дауды өз күшімен және өз есебінен шешуге міндеттенеді.

6.3 Қатысушының фотосуреттерді ұсынуы байқауға қатысып және осы Ережеде көрсетілген шарттармен келіскенін білдіреді.

6.4. Қатысушы байқауды ұйымдастырушыға өз фотосуреттерін ұсына отырып, Ұйымдастырушыға жұмыстарды пайдаланғаны үшін авторлық сыйақы төлемей, материалдық пайда көрмей және коммерциялық мақсатта пайдаланбай, әлеуметтік желілерде, көрмелерде, жинақтарда, сондай-ақ ұйымдастырушы сайтында ([auyl.kz](http://auyl.kz)) өз қалауы бойынша пайдалану құқығын беруге келіседі.

Фотосуреттерді пайдалану барысында Ұйымдастырушы қатысушының аты-жөнін міндетті түрде көрсетеді.

6.5 Фотосуреттер келесі жағдайларда байқауға қатысудан шеттетілуі мүмкін:

- байқау тақырыбына сәйкес келмесе;
- көркемдік немесе техникалық сапасы төмен болса;
- зорлық-зомбылық, нәсілдік, діни келіспеушілік және эротикалық элементтері болғанда;

- анонимді суреттер ұсынылса.

6.6 Ұйымдастырушы сапалық және техникалық деңгейі төмен жұмыстардың байқауға қатысуын шектеуге құқылы.

6.7 Қатысушы фотосуретте өзінің зияткерлік құқықтарының (айрықша мүліктік құқықтары мен жеке мүліктік емес құқықтары) болуына, бейнеленген кейіпкерлердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес рұқсатының болуына кепілдік береді. Байқауға қатысушы үшінші тұлғалардың зияткерлік және азаматтық құқықтарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында жауапты.

## **7. Байқау қорытындысын шығару**

7.1 Байқау жеңімпаздарын «Ауыл» партиясының Орталық аппараты жасақтаған арнайы Комиссия айқындайды.

## **БАЙКАУДЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ**

**ГРАН-ПРИ – 700 000 тенге.**

**«Ауыл пейзаждары» номинациясында**

**1 орын - 500 000 теңге;**

**2 орын – 300 000 теңге;**

**3 орын – 200 000 теңге.**

**«Ауылдағы еңбек адамдарының фотопортреттері» номинациясында**

**1 орын - 500 000 теңге;**

**2 орын – 300 000 теңге;**

**3 орын – 200 000 теңге.**

**«Фоторепортаждар» номинациясында**

**1 орын - 500 000 теңге;**

**2 орын – 300 000 теңге;**

**3 орын – 200 000 теңге.**

**• «Ауылдағы бақытты балалық шақ» жүлдесі.**

Бұл ақшалай сыйлық ауыл баласының бақытты балалық шағының сәттерін шынайы бейнелейтін үздік фотосуреттің авторына беріледі. Жүлде қоры - 100 000 теңге.

**• «Әлеуметтік желі пайдаланушылар пайымы» арнайы жүлдесі.**

«Ауыл» партиясының әлеуметтік желілерінде орналастырылған фотосуреттер арасынан ең көп дауыс жинаған туындыға беріледі. Онлайн дауыс беру 2025 жылдың 16 қазаннан 01 қарашаға дейін өткізіледі. Ұйымдастырушының дауыс беру мерзімін өзгертуге құқығы бар. Жүлде қоры - 100 000 теңге.

7.2 Арнайы комиссия отырысының қорытындысына орай, ұйымдастырушылар байқау жеңімпаздарын электрондық пошта немесе телефон нөмірі арқылы хабардар етеді.

7.3 Жеңімпаздар фотобайқаудағы жеңісі туралы хабарламаны алған соң, 10 күн ішінде ұйымдастырушының электрондық поштасына [konkurs@auyl.kz](mailto:konkurs@auyl.kz) төмендегі құжаттарды жолдайды:

1. Жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі немесе сенімхат;
2. Банктік төлем карточкасының шот нөмірі;
3. Нақты мекен-жайын, байланыс телефонын және электрондық поштасын.

7.4 Байқау жеңімпаздары осы Ереженің 7.3. тармағын орындамаған жағдайда жүлде алу құқығынан айырылады.

7.5 Жеңімпаз ұйымдастырушыға банктік шотының деректерін, пошталық мекен-жайын бұрыс берсе және соның салдарынан жүлдені жіберу мүмкіндігі болмаса, ұйымдастырушы жүлдені беру жөніндегі өз міндеттемелерін орындаған болып табылады.

Барлық сұрақтар бойынша [konkurs@auyl.kz](mailto:konkurs@auyl.kz) электрондық поштаға немесе + 7 777 611 04 07 Whats up нөміріне хабарласуға болады.